

Белоусов жалпы орта білім беру мектебі

2024-2025 оқу жылы

«Тіл-ұлттың тірегі» атты қазақ тілі апталығының есебі

Мақсаты: Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі,, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету. Үш тілде еркін сөйлеуге баулу.т.б.

2024 жылдың қыркүйек айында «Тіл-ұлттың тірегі» атты «Тілдер күніне» арналған апталық өткізілді.

Апталықтың бірінші күні 8 «ә» 6 «а»-сыныптарында «Қазақшаңыз қалай?» атты ашық сабақ өткіздім. Орыс тілі мен ағылшын тілі мұғалімдері Абдигапбарова А.С, «Своя игра», ағылшын тілі мұғалімі Шевалье Ю.Г «Do you know English well?» тақырыптарына қыркүйек айының 12-13 күндері ашық сабақтарын өткізіп, қысқа мерзімді жоспарларын тапсырды. Сонымен қатар Хамитова Ж.Б 9 «ә» сыныпта «Қазақ тілі-мемлекеттік тіл» атты ашық сабағын өткізді. Мектеп кітапханашысы Г.М.Мухамедьярова «Тіл-ұлттың тірегі» атты апталыққа көрме ұйымдастырды. Оқушылар апталық ішінде викториналық сұрақтарға жауап беріп, оқушыларға тәттілер және ұлттық тағам бауырсақ таратылды.

Мұғалімдер сабақтарында түрлі әдіс-тәсілдер, ойындар арқылы ұйысдастырылып, оқушылар жоғары қызығушылықтарымен орындаған. Апталақта тапсырмалар, сөзжұмбақ, оқылым, жазылым, айтылым, аударма, «Сақина салмақ» ойыны, «Кім жылдам?» ойындары т.б. қарастырылған. Сабақ соңында оқушылар лайықты бағаланып, сабақтан алған білімдерін жинақтап айтылған. Апталықтың үшінші күні Хазыхан Тәттігүл 8-9-сыныптарда «Ана тілім-мақтанышым» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа ағылшын, орыс тілі пәндерінің мұғалімдері қатысып, өз бағаларын берді. Сабақ ойын түрінде өткізіліп, ұлы Абай туралы, үлгі-ғибратқа мол кара сөздерін оқып, оқушылардың рухани танымын байытуға ықпал жасаған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері және орыс тілі, ағылшын тілі мұғалімдері түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың мемлекеттік тілді жетік меңгеріп білуіне көңіл бөліп, пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ізденімпаздық қабілеттерін оята білді. Қорыта келгенде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы белгіленген жоспар бойынша өткізілді.

Әдістемелік бірлестігінің жетекшісі: *Султ* Қ.Б.Султанбаев